


Үнді - Малай (Шығыс) облысы.

Малай архипелагы ([малайша](#) *Kerulaaan Melayu*) — әлемдегі ең үлкен және арал саны бойынша төртінші, Тынық мұхиты мен Үнді мұхитын өзара бөліп тұрған Оңтүстік-шығыс Азия мен Австралия арасындағы [архипелаг](#). Атауы Малай рифтері атауының жайылу аумағына байланысты алынған



Аралдарда 330 [вулкан](#), 100-жуық әрекеттегі жанартаулар бар. Ең атақтысы — [Кракатау](#). Малай архипелагында [Индонезия](#) (толықтай дерлік) (Индонезия [Жана Гвинея](#) аралының жартысын алып жатыр, ол архипелагқа кірмейді), [Малайзия](#) (жартылай), [Бруней](#), [шығыс Тимор](#) және [Филиппиндер](#) мемлекеттері орналасқан.



Малай архипелагының барлық көлемі 2 000 000 км², 25 мыңнан астам топаралдардың аралдарынан құралады. Топаралда 350 000 адам тұрады, халық тығыздығы 150 адам./км². Архипелақтың ірі топаралдары:

Индонезия

Зонд аралдары

Үлкен Зонд аралдары

Кіші Зонд аралдары

Малуку аралдары

Филиппин архипелагы

Жаңа Гвинея

және маңындағы аралдар (кейде қосылады)

Үнді-малай облысы Азияның тропикалық аймағын қамтиді. Тынық мұхитының, Үнді мұхитының архипелагтары мен аралдарын қамтиді. Сулавеси, Кіші Зонд аралдары және Малукк аралдары кіреді. Ғалымдар Жаңа Гвинея аралдарында жатқызды.

Ориенталды фауна ежелгі және жас таксондарға бай. Приматтар отряды кең таралған, 2 тұқымдас эндемик - тупайя (16 түр), гиббон (9 түр).



Жорғалаушылар фаунасында энедиктер - үлкен басты тасбақалар тұқымдасы (1 түр Үндіқытай өзенінде), құлақсыз кесел (1 түр Калимантанда), қалқантұмсықты жылан (Үндістан мен Шри-Ланкада 45 түр), гавиал. Балықтардың ішінен ерекше алуан түрлісі тұқы тұқымдасы (шамамен, 1 мыңға жуық түр), лабиринт балықтарына бай. атмосфералық ауамен тыныс алуға қабілетті (анабас, сондай-ақ бәріне таныс әтеш, лялиус, гурам). Облыс 4 облысшадан тұрады: **Үнді, Малай, Полинезия, Гавай.**



Фаунасы ерекше. Сүтқоректілердің 46 тұқымдасы, соның ішінде қалталылар көп кездеседі. Жұмыртқа салушылардан жаңагвинеялық ехидна, қалталы тышқандар, жәндік-жегіштерден кірпілер, алты қанаттылар, ұшатын тышқандар мекен етеді.



Маймылдар әлемі алуан түрлі. Макакалар, жұқатері маймылдар, гиббондар мен орангутангілер. Жыртқыштардан-қызыл қасқырлар, үнді мангустасы, жолбарыс, гепард және арыстан кездеседі. Пілдер, таперлер, носорогтар мекендейді. Өгіздер тұқымдасынан банктенігі гариял және текелер мен қойлар кездеседі.



Рептилиялардан тасбақа, кесірткелер, қолтырауындар, жыландар мекендейді. Омыртқасыздар әлемі алуан түрлі. Насекомдар шаянтәрізділер,буынаяқтылар өте көп. Тұщы судың балықтары алуан түрлі. Құстар әлемі ерекше орын алады. Әсемде әдемі құстар кездеседі. Фазандар, павлин, көгершіндер тоқылдақтар өте көп. Фаунасының алуан түрлілігі жергілікті жердің әсем табиғатын сипаттайды.

